



## «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ сапа саласындағы саясаты

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ – қазақстандық нарықтағы стандарттау, метрология, сәйкестігін растау, сынау, тауардың шығу тегін сараптау, біліктілікті тексеру, бағалы металдар мен олардың қорытпаларынан жасалған зергерлік бұйымдарды сынамалау және таңбалау, автокөлік құралдарын техникалық байқау салаларындағы қызметтер кешенін көрсету бойынша жетекші кәсіпорындардың бірі.

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ құрылған күнінен 100 жылдан астам уақыт бойы Қоғам тәуекелдері мен көрсетілетін қызметтердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ескере отырып Стратегияны жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған негізгі беталысынан қайтпаған сенімді және адал серіктес абыройына ие болып келеді.

Стратегияны жүзеге асыру үшін «Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ қазіргі заман жағдайларына сай құзырлы және білікті қызметкерлерінің, заманауи жабдықтамаларының, өзекті нормативтік базаның, дамыған инфрақұрылымы мен өндірістік ортасының болуын білдіретін барлық қажетті қорлары бар.

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ басшылығы ҚР СТ ISO 9001, ГОСТ ISO/IEC 17065, ҚР СТ ISO/IEC 17021-1, ГОСТ ISO/IEC 17025, ГОСТ ISO/IEC 17043, ГОСТ ISO/IEC 17020 талаптарына сәйкес сапа менеджментінің жүйесінің міндетін нәтижелі атқаруын және әрдайым жетілдірілуін қамтамасыз етуге, оларға жету үшін қажетті қорларды бөлуге өзіне міндет алады.

Біздің қызметіміздің басты бағыттары – орындалатын жұмыстардың географиясын кеңейту, нақты жоспарлау, барлық мүдделі тараптармен құрылымды ынтымақтастық, ұйымның барлық деңгейлерінде көшбасшылық пен тәлімгерлікті ынталандыру.

Сапаны арттыру әркімнің қызметі мен жауапкершілігінің саласына кіреді, бұл бізге тұтынушылардың үміті мен сенімін ақтауға мүмкіндік береді. Осыны түсініп, әр қызметкер өз орнында біздің тұтынушылармен төменде берілгендердің негізінде өзара пайдалы және ұзақ мерзімді іскерлік қарым-қатынасты қамтамасыз ете отырып, өзара жауапкершілік және жеткізушілермен ынтымақтастық жағдайында сапа саласындағы саясатты орындауға жәрдемдеседі:

- бизнес-процестерді талдау және оларға әрдайым мониторинг жүргізу арқылы Қоғам қызметінің тиімділігін үздіксіз арттыру;
- ішкі бақылау жүйесін жетілдіру мен тәуекелдерді бағдарлайтын тәсілді енгізу арқылы проблемалардың туындауының, мақсаттық көрсеткіштерден ауытқудың алдын алу;
- қоғамның тұтынушыларының, акционерлердің және ұжымның мүдделерін ескере отырып, бәсекеге қабілеттілікті сақтау;
- сапа менеджменті жүйесінің заңнамалық, нормативтік талаптарына, сондай-ақ мүдделі тараптардың талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету;
- қоғамның қызметіне барлық қызметкерлерді белсенді қатысуға тарту;
- қызметкерлерді жүйелі түрде оқыту және біліктілігін арттыру;
- серіктестермен икемді өзара табысты қарым-қатынасты қамтамасыз ету;
- материалдық-техникалық базаны жетілдіру және заманауи деңгейде ұстап тұру;
- тұтынушылар тілектерін зерттеу нәтижесінің негізінде көрсетілетін қызметтер саласын кеңейту.

«Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы» АҚ басшылығы осы сапа саласындағы саясатты жүзеге асыруға, оны ұйымның барлық қызметкерлерінің түсінуі мен қолдауын қамтамасыз етуге жауапкершілікті алады.

**БАС ДИРЕКТОР**



**Д. СУЕНТАЕВ**

2026ж.09.01.